

**«Қазақ тілін оқыту әдістемесі:
тәжірибесі, бүгінгі өзекті мәселелері және болашағы»
ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019

ЖУКЕЕВ Төлеухан Базарханұлы

*Қазтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық университетінің
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент*

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЖАНАСА БАЙЛАНЫСУ ФОРМАСЫ

Қазіргі кезде сөз тіркесі синтаксистің ең бір үлкен саласы болып табылады. Ол туралы бірнеше монографиялар, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар да шықты. Сөйтіп, сөз тіркесі синтаксисі жан-жақты зерттеу объектісіне айналып отыр. Дегенмен, сөз тіркестері, әсіресе олардың байланысу формалары туралы әлі де болса арнайы қарауды қажет ететін жайттар бар.

Сөз тіркестерінің байланысу формалары оның басқа да объектілеріне қарағанда ең алғаш зерттеле бастады. Соған қарамастан әлі де болса олардың мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардағы берілу дәрежесі, аталуы, әрқайсысының жасалу жолдары сияқты мәселелері арнайы тоқталуды қажет етеді.

Сөз тіркестерінің байланысу формаларының берілуінде әртүрлі алшақтығы кәруге болады. С.Аманжолов, Н.Сауранбаевтар мектеп грамматикасында сөз тіркесін қиысу, меңгеру, қабысу және жанасу деп берсе, ал 1950 жылдардан кейін оған матасуды енгізгені белгілі. Сәйтіп, авторлар сөз тіркесін байланысу формаларына қарай меңгеру, матасу, қиысу, қабысу және жанасу деп беске бөліп береді. Осы пікірді Н.Сауранбаев, Т.Қордабаев, Р.Әміров, Ш.Әбуханов, К.Е.Қабиева, т.б. қолдайды.

Сөз тіркесі туралы арнайы еңбек жазған М.Балақаев олардың байланысу формаларына қарай 1949 жылғы мектеп грамматикасында 5-ке бөліп берсе, ал жоғары оқу орындарына арналған оқулығында қиысу, меңгеру, матасу және қабысу деп 4-ке бөледі де, соңғы байланысу формасының бір түрі деп жанасуды атаумен ғана шектеледі. Ал Ә.Нұрмаханова мен А.Әбілқаев оларды 4-ке бөліп қарастырып, жанасуды ескермейді. Сәйтіп, сөз тіркесінің байланысу формалары сан жағынан да, атаулары жағынан да әртүрлі беріліп жүр. Бұл байланысу формаларының ішінде аталуы және жасалуы жағынан таласқа түсіп жүргені жанаса байланысу формасы. Жанасу мектеп грамматикасында арнайы беріліп жүрсе, ал жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, біріншіден, еленбейді, екіншіден, ол қабысудың алшақ түрі деумен ғана шектеледі. Мектеп грамматикасында жанасуың жасалу жолдары туралы да бірізділік жоқ. Жанасудың жасалу жолдары (С.Аманжолов, Н.Сауранбаев) 1939 жылғы мектеп грамматикасында былай берілген:

а) үстеу мен етістік – *кеше келді:*

193

ә) кәсемше етістік – *оқып келді:*

б) септік жалғаулы мезгілді, мекенді білдіретін – *түнде келді, кешке келді:*

в) шылаулы сөз – етістік – *оқу үшін келдім, сабақтан кейін барды, саған бола аялдадық:*

Ал 1940 жылғы «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» деген еңбегінде С.Аманжолов жанасуда негізінде осы пікірді қайталай келе, оған *адам сияқты сәйледі* деген модаль сөзді топты да жанасу деп біледі. Бұл мәселе 1980 жылғы мектеп грамматикасының басылымында біраз өзгеріске түскеін кәоуге болады. Онда авторлар жанасудың жасалуына үстеу, кәсемше, сан есіммен мезгіл әлшемін білдіретін *секунд, минут, сағат, ай, жыл*, сілтеу есімдігімен *түні, күні, жылы* зат есімдерінің тіркесінен болады деп кәрсеткен.

М.Балақаев «Кеше мен де жиналыста болдым, асықпай сұраққа жауап бердім» деген сәйлемдердегі үстеу мен кәсемшенің етістікпен тіркесін ғана жанасуға жатқызады. Автор жанасудың қабысудан негізгі айырмашылығы ретінде сәздердің әзі қатысты сәздермен орын тәртібін басшылыққа алады. Бірақ осы принципті қолданғанымен, автордың қабысу мен жанасуға берілген мысалдары араласып жатады. Мысалы: автор «тез кел» дегенді қабысуға жатқызса, ал «кеше мен де жиналыста болдым», дегенді жанасу дей келіп, бір ғана үстеудің іргелес тұрып байланысуын қабысуға, ал алшақ тұрып

байланысудың жанасуға жатқызады. Х.Арғынов жанасуға қимыл-сын үстеулерінен басқа үстеулердің негізгі сөз бен шылау сөздердің тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды ғана жатқызады. Биыл да совет елі зор табысқа жетті, коммунизмге қарай ілгері жылжыды деген сөйлемдердегі курсивпен жазылған сөздер мен сөздер тобын жанасу деп біледі. Бірақ Ш.Әуелбаевтың тауға қарай кетті тіркесін жанасу, ал көпірдің үстінен өтті дегенді меңгеруге жатқызуында нендей критерий бар екені айқын емес.

Жалпы жанасудың осы күнге дейінгі жасалу жолдары арқылы біз меңгерудің, қабысудың жасалу жолдарымен араласып жататындығын кәреміз.

Проф. М.Балақаев 1949 жылғы мектеп грамматикасы мен онан кейінгі ғылыми еңбектерінде жанасуды қабысудың бір түрі деп келгені айқын. Сондықтан біз де жанасу туралы сөз болғанда әңгіме тілдегі қабыса алатын сөздер тобының тәңірегінде болуы тиіс деп білеміз. Жалпы жанасуды меңгерумен араластыра қарастыру ғылыми да, практикалық жағынан да дұрыс емес. Ғылыми еңбектерде меңгеруге барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес жалғаулы сөздердің таза және ол сөздерге шылаулардың тіркесіп келуін жатқызып келеді. Ол туралы сөздер әрі толықтауыштық, әрі пысықтауыштық қатынаста жұмсалады деп, тайға таңба басқандай дәлелдеп те беріледі. Ал мектеп грамматикаларында жанасуға осы септік жалғаулы сөздердің сөздердің таза түрін (мейлі ол толықтауыш, мейлі пысықтауыштық қатынаста болсын) меңгеруге, ал шылау арқылы тіркестерін жанасуға жатқыза салады. Сонда теориялық білім мен мектеп грамматикалары арасында қандай сәйкестік бар? Ешқандай сәйкестік жоқ.

Негізгі сөз бен шылаулы сөздердің тіркесін жанасуға жатқызуға ғалымдар олардың алшақ тұрып та тіркесетінін негізге алады. Шындап келгенде, меңгеріле байланысқан сөздердің барлығы да әзі қатысты сөздермен орын таңдамайды емес пе? Олай болса бірін онда, бірін мұнда қалдырып, ереже кәбейтуден ұтатын не бар. Септік жалғаулы сөздерге шылауларды тіркеп, тек меңгеру деп беруден ұтылмаймыз. Бұған қоса меңгерудің аясында кеңею процесі басым екені анық. Негізгі сөздерге тек шылаулар ғана тіркесіп қоймайды, қазіргі кезде негізгі сөздермен бірлікте көмекші есім, көмекші етісім және модаль сөздер де жұмсала береді. Бұған қарағанда, жалпы, барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес етісім және модаль сөздердің де тіркесіп (септеліп келгенде), тек меңгеру аясында қалдыру жанасудың жасалуындағы мәселені оңайлатады. Жалпы жанасудың жасалу жолын меңгерудің жасалу жолымен шатастырмау керек.

Қазақ тіл білімінде 1939 жылға дейін пысықтауышты арнайы сөйлем мүшесі ретінде қарастыру мәселесі тәңірегінде түрлі талас пікір болғандығына қарамастан, пысықтауыш дербес сөйлем мүшесі ретінде алынып, оның жасалу жолдары жан-жақты қарастырылады. Осы іспеттес басқа түркі тілдерінде болмағанымен, қазақ тіл білімі үшін мектеп, жоғары оқу орындарының студенттеріне, тіпті оқытушылар үшін де түсінікті болу үшін мектепте де, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда да қабысудан жанасуды арнайы түрде бөліп көрсетіп, оның өзіндік жасалу жолдарын айқындап беруге тиіспіз.

Ол үшін қабысу мен жанасудың жасалу жолындағы айырмашылықтарды негізгі сөз таптары және негізгі сөз таптары мен көмекші топты сөздердің тәңірегінен айқындау керек.

Сонымен, осы күнгі мектеп грамматикаларындағы үйге дейін сияқты негізгі сөз бен көмекші сөздердің түйдекті түрін меңгеруде қалдырып, ол қабысудағы бірде алшақ, бірде іргелес тұратын сөз таптарының (үстеу мен көсемше) тұлғалық ерекшеліктерін негізге ала келіп қабысуға жатқызу орындады.

Сонда меңгеруге барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес жалғаулы сөздер және ол сөздермен түйдектеліп келетін көмекші сөздердің тіркесі жатса, ал қабысуға іргелес те және алшақ тұрып та жұмсалатын етістікті сөз тіркестері ғана қатысты деп білеміз.

Жанаса байланысу формалары үшін ең негізгі критерий – негізгі сөздерге көмекші сөздердің тіркесі құрамының аясындағы тұлғалық ерекшеліктері. Сонымен негізгі сөз бен септік жалғаусыз көмекші сөздердің етістікпен де тіркесін **жанасу** дейміз. Жанасудың жасалу жолдары мына төмендегіше:

1. Негізгі сөз бен көсемше тұлғалы көмекші етістіктердің дара, күрделі етістікпен тіркесі арқылы. Мысалы: Қатені келешекте *қайталамайтын боп түсіндіру керек* (З.Шашкин). Жұманды сөзге тартып, үй ішінің кәңілін *аулайын деп*, Байжан қалжыңдай сәйледі (Ғ.Мүсірепов). Қорықтан күн шыға атқа

мінейік деп асыққан-ды (М.Әуезов). Дәл ортада маржандай ақ тары *тәбе-тәбе боп үюлі тұр* (Ғ.Мүсірепов).

2. Негізгі сөз бен шылау сөздердің дара, күрделі етістікпен тіркесі арқылы.

- Хамза, әтінішім болсын, айтшы, сендер тауда болындар ма? – деп сұрады.

- Болдық, оны *не үшін сұрадың* (З.Шашкин). Қыстауға қонғаннан бері, *кеш сайын* Абай ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әкесімен оңаша қалады (М.Әуезов).

3. Негізгі сөз бен модаль сөздердің дара, күрделі етістікпен тіркесі арқылы. Мысалы, Құнанбай *естімеген сияқты* отыра берді (М.Әуезов).

4. Түрлі сөз таптарына, мезгіліне, әлшемге байланысты сөздердің қосақталып жұмсалып етістікпен тіркесі арқылы: Екі күн өткен соң ауыл Кәлқайнардан шығысқа қарай кәшті (М.Әуезов). Бүгіннің өзінде ғана газикпен жүз *отыз шақырымдай* жүрдік (Ә.Әлімжанов). Мен осы арада *отыз бес минут отырдым*, Ақа (Ғ.Мүсірепов). Бұл екеуінің елі жақын, *30-40 шақырым ғана жүреді* (С.Сейфуллин).

5. Негізгі сөздерге *жолы, бойы*, т.б. толық мағынасы жоқ сөздердің қосақталуы арқылы дара, күрделі және етістікпен тіркесі. *Бұл жолы* ол әрі *ұзақ ұйықтады*, әрі тыныш *ұйықтады* (В.Катаев). Абай бірталай сөздерін адвокат жазып берген *арызы бойынша айтты* (М.Әуезов). *Кеше кеш бойы* Оспан отауында Мұхаметжан Абай сөздерін *әрі оқып, әрі жырлап берген* (М.Әуезов). *Түні бойы ұйықтамаған да болу керек* (А.Бек).

6. Негізгі сөздерге *елі, кез*, т.б. сөздерінің қосақталуы арқылы дара,

күрделі етістікпен тіркесі. Жұмыстан келгесін атасының қасынан *бір елі кетпеді* (Ә.Нұрпейсов). Бір кез тіпті баяғы балалық шағын аңсап, ынтышынтымен *еркелегісі кеп тұрады* (Ә.Нұрпейсов).

7. Түрлі сөз таптарына есе, рет, мәртебе, қайтара қосарлы сан есімдердің тіркесі арқылы дара, күрделі етістікпен тіркесі. Өткен кәктемнің басында

Гүлсара бірінші рет Москвада болды (Ә.Әлімжанов). Бекіністі қайтадан алу үшін немістер *екі рет шабуыл жасады* (Ғ.Мүсірепов). Жұмыс аумағы *үш есе ұлғайды* (Ғ.Мұстафин).

8. Кәнеленген септік жалғаулы үстеулердің етістікпен тіркесі. Әлібек *амалсыздан тоқтады* (Ғ.Мұстафин).

9. Негізгі сөздерге кәнеленген септік жалғаулы *кез, шақ, шамалы* сөздерінің қосақталып, дара және күрделі етістікпен тіркесі. Мынау екі ақын Абайға *кәп кезде бірге туысқан аға, інідей кәрініп* қалады (М.Әуезов).

10. Кәнеленген септік жалғаулы фразеологиялық тіркестердің басқа сөздермен тіркесі арқылы. Мысалы, *бас аманда, берсе қолынан, бермесе жолынан, бет-аузы шімірікпестен, бесіктен белі шығысымен.*

Міне, осы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары басыңқы сыңарларымен тікелей тіркеспейді. Кәмекші дәнекерлер арқылы тіркесі де қай байланысу формасына тән екендігі белгісіз. Біздіңше, бұларды есімді қабыса байланысқан сөз тіркестеріне жатқызу орынды. Сонымен, жанасу тек кәмекші сөздер арқылы жасалып, тек дара және күрделі етістікті сөз тіркестерінде ғана кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сөздердің дистрибуциясы: Электронды оқулық. – Алматы, 2008. – 101 б. (М.Мамаевамен бірге).
2. С.Исаев еңбектеріндегі сөз тіркесі мәселесі туралы. Тілім деп әмір сүріп ем: Естеліктер. - Алматы: Әнер, 2008. – 169-175-бб.
3. Синтаксис мәселелері. – Алматы, 2008. – 24-29 бб.
4. Құрмалас сәйлемдер жүйесі: Оқу құралы. – Алматы, 2007 (Б.Сағындықұлымен бірге).
5. Қазақ тіл білімі әлеміндегі керемет құбылыс. Жұбанова М. Әкем – жарық жұлдызым. – Алматы, 2005. – 189-191-бб. (С.Мырзабаевпен бірге).
- 198
6. Тіркесімділіктің дистрибуциясы. – Алматы, 2005. – 175 б. (Қ.Оңалбаевамен бірге).